

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF2021>***А. А. Утешова¹, Н. К. Мәтбек²**^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-4775-2383>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3896-4310>*e-mail: Asem.2306@mail.ru

АСҚАР АЛТАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР БОЛМЫСЫНЫҢ МИСТИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Бұл мақалада қазіргі қазақ прозасындағы мистикалық элементтердің көркемдік және философиялық табиғаты Асқар Алтай шығармалары мысалында кешенді түрде талданады. Жазушының «Қызыл бөлтірік», «Қара бура», «Туажат», «Кентавр» атты туындылары негізінде кейіпкер болмысының рухани трансформациясы – экзистенциалдық дағдарыс, ішкі жаңғыру және ұлттық санаға оралу үдерісі ретінде қарастырылады. Мақсат – мистикалық кеңістік пен архетиптік бейнелердің (қасқыр, түйе, кентавр) кейіпкердің ішкі өзгерісіне ықпалын анықтау, олардың қазақ дүниетанымындағы көркемдік қызметін зерделеу. Зерттеу әдістемесі ретінде герменевтикалық, мифопоэтикалық және экзистенциалдық әдістер қолданылды. Бұл тәсілдер арқылы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіндегі күйзеліс, танымдық сілкініс және рухани ояну үдерістері жан-жақты сипатталады. Мистика тек көркемдік тәсіл ретінде ғана емес, ұлттық руханиятты жаңғырту, тарихи жадты сақтау және оқырманды өзін-өзі тануға жетелеудің құралы ретінде ұсынылады. Асқар Алтай прозасында реал мен ирреал, сана мен тупсананың, уақыт пен кеңістіктің шекаралары жойылып, мистикалық кеңістік ерекше символдық өлшемге айналады. Архетиптік бейнелер – көркем мәтіннің мәдени-кодтық жүктемесін тереңдете түсетін негізгі құрал. Олар кейіпкердің тұлғалық эволюциясын бейнелеп қана қоймай, қазақ әдебиетіндегі неомифологиялық эстетиканы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мақалада мистикалық проза мен ұлттық болмысты

байланыстыратын көркемдік механизмдер ашылып, Асқар Алтай шығармашылығы қазіргі қазақ әдебиетінің рухани-философиялық ізденістер кеңістігінде ерекше орын алатыны дәлелденеді.

Кілтті сөздер: мистикалық проза, болмыс трансформациясы, архетиптік бейнелер, рухани жаңғыру, ұлттық дүниетаным, қазақ әдебиеті.

Кіріспе

Қазіргі қазақ прозасында мистикалық элементтер тек бейсаналықты бейнелеу үшін емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымның символы ретінде маңызды көркемдік қызмет атқарады. Асқар Алтайдың прозалық шығармаларында бұл үрдіс айқын көрініс табады. Жазушы туындыларында мифологиялық бейнелерді, аян мен тылсым белгілерді, архетиптік образдарды қолдану арқылы кейіпкердің ішкі әлемі мен болмысындағы өзгерістерді терең ашып көрсетеді. Мәселен, «Қызыл бөлтірік», «Қара бура», «Туажат» сияқты шығармаларында адам болмысының метафизикалық қырлары мистикалық кеңістік арқылы көркем интерпретацияланады. Мистикалық проза – оқырманның дүниетанымына әсер ететін, адам мен табиғат, рух пен тән, сана мен түйсік арасыдағы тепе-теңдікті іздейтін көркемдік модель. Кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі дағдарыстан кейін өз болмысын қайта табуы қазіргі қазақ прозасындағы өзекті тенденциялардың біріне айналды. Асқар Алтайдың прозалық әлемі – дәл осы болмыс трансформациясының бірегей көркемдік платформасы. Мақалада Асқар Алтай прозасындағы мистикалық элементтердің кейіпкердің рухани трансформациясына ықпалы қарастырылады. Зерттеу мақсаты – мистикалық кеңістік арқылы бейнеленетін болмыстық өзгерістердің көркемдік табиғатын талдау.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу материалына Асқар Алтайдың «Қызыл бөлтірік», «Қара бура», «Туажат», «Кентавр» атты прозалық шығармалары таңдап алынды. Аталған шығармаларға әдеби-көркем талдау мен герменевтикалық әдіс қолданылды. Бұл тәсіл арқылы мәтіннің астарлы мағыналары мен символдық құрылымы интерпретацияланып, жазушы мен кейіпкердің дүниетанымын, шығарманың философиялық және психологиялық деңгейлерін ашуға мүмкіндік берілді. Сонымен қатар зерттеу барысында мифопоэтикалық талдау мен экзистенциалдық талдау тәсілдері қолданылды. Кейіпкердің ішкі рухани өзгерісі, шекаралық күй кешу, болмыстық дағдарыс сынды тақырыптар осы тұрғыдан қарастырылды. Зерттеу әдіснамасында әлемдік мистицизм теориясы мен әдеби интерпретация қағидаттары негізге алынды. Мәселен, О.Хаммер өз еңбектерінде мистиканы тек діни немесе оккульттік құбылыс ретінде ғана емес, сондай-ақ көркемдік тәжірибе ретінде

қарастыру қажеттігін атап өтеді [1]. П. Б. Кох мистицизм мен моральдық-рухани ізденістер арасындағы байланысты зерттей отырып, прозадағы мистикалық көріністердің адамгершілік мәселелерді ашудағы қызметін сипаттайды [2]. Т. С. Элиот шығармашылығын зерттеген А. А. Мухаммад пен А. Ж. Мухаммад еңбектерінде мистикалық-суфизмдік элементтердің поэтикалық құрылымға әсері талданады [3]. Сонымен қатар, Фридман және авторлар тобының «Mysticism and Experience» атты ұжымдық еңбегінде ХХІ ғасырдағы мистикалық тәжірибенің әдебиет пен мәдениеттегі көріністері ұжымдық мәдени код ретінде қарастырылады [4]. Жоғарыда аталған әдістер мен теориялық ұстанымдар зерттеу барысындағы кәсіпкер сәтінді түсінудің кешенді негізін қалыптастырды. Бұл тәсіл кейіпкер болмысының мистикалық трансформациясын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Асқар Алтай – стилі толық қалыптасқан, өзіндік қолтаңбасы айқын қаламгер. Оның әр шығармасы өзгеше тақырыптық-мазмұндық сипатымен ерекшеленеді. Жазушының туындылары бір-бірімен іштей байланысты тұтас әлем құрайды: оқиғалары Алтай өңірінде өтеді, шығармаларында өлкедегі жер-су атаулары, аңыз әңгімелер мен тарихи оқиғалар ұдайы көрініс табады. Бір шығармасында басталған мифтік не тарихи желі келесі бірінде жалғасын тауып отыратындай әсер қалдырады. Асқар Алтай прозасының ерекшелігі – реалистік баяндауға мистикалық сарын мен мифтік бейнелерді шебер ұштастыруында. Қаламгер қалыпты хронологиялық сюжетті жиі бұзып, оқиғаны тосын аяқтайды; мәтіндік кеңістікте ирреалдық элементтер көп болғандықтан, шығарманың мағынасын түсіну оқырманнан ерекше зерде талап етеді. Дегенмен, дәл осы мистикалық-композициялық айшықтар жазушы шығармаларын қазіргі қазақ әдебиетінде оқшау құбылыс ретінде даралайды.

Мистикалық элементтердің Асқар Алтай шығармаларындағы атқарар қызметі қандай деген сұрақ туындайды. Жазушы бұл тәсіл арқылы оқырманға не айтуға ұмтылды? Зерттеу барысында анықталған басты нәтижелерге сүйене отырып, қаламгер прозасындағы мистиканың бірнеше маңызды функциясын бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, мистикалық кеңістік кейіпкерді өз болмыс-бастауларына қайта әкеледі, яғни ұлттық рухани тамырмен қайта қауыштыруға ықпал етеді. Қазіргі жаһандану дәуірінде адам өз тегінен, ұлттық жадынан алшақтай бастағаны байқалады. Жазушының мистиканы пайдалануы – осы үңірейген рухани кеңістікті толтырып, ұлттық сәйкестікті бекемдеудің бір жолы. Шығармадағы тылсым оқиғалар мен бейнелер оқырманның тарихи жадын оятып, мәдени коды туралы ойлануға мәжбүрлейді. Екіншіден, мистикалық сюжеттер арқылы автор кейіпкеріне ұлттық тарих пен мәдениет туралы символикалық мағлұмат береді. Миф

пен мистиканың өн бойында халықтың «ұлттық коды» сақталатынын зерттеушілер де атап көрсетеді. Мысалы, Л. Әлімованың пайымдауынша, Асқар Алтай үшін мистика – жай көркемдік әдіс емес, ұлттық болмыс пен дүниетанымның көркемдік көрінісі; жазушы кейіпкерлері тылсым әлеммен байланысқа түсу арқылы шығармаға терең философиялық ұлттық мазмұн дарытады [5,1661-6.]. Үшіншіден, мистикалық оқиғалар кейіпкер санасына күшті психологиялық әсер ететін катализатор іспетті. Тосын әрі тылсым құбылыстар адамды селт еткізіп, өзін және өмірді жаңаша түсінуге итермелейді. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, Асқар Алтай мистиканы дәл осындай ішкі трансформация құрал ретінде қолданады: кейіпкер мистикалық тәжірибе арқылы экзистенциалдық дағдарыстан өтіп, өз болмысын жаңа қырынан таниды. Бұл тұрғыда жазушы прозасы қазіргі қазақ әдебиетінде кең тараған рухани жаңғыру, өзін іздеу мотивтерінің неомифологиялық үлгідегі көрінісі болып табылады.

Жалпы, қазіргі қоғамда «трансформация» ұғымы жиі қолданылатыны сияқты, көркем әдебиетте де кейіпкер болмысының өзгеруі өзекті тақырыпқа айналғаны рас. Әдеби туындыларда бейнеленген болмыстық трансформация – кейіпкердің өмірлік тәжірибесі мен сана-сезіміндегі түбегейлі бетбұрыс, экзистенциалдық «ояну» сәті. Әдеби кейіпкердің мұндай рухани өзгерісі оқырманның да сана кеңістігіне қозғау салып, оның қабылдау көкжиегін кеңейтетіні белгілі. Әдеби герменевтика теориясы бойынша, көркем мәтінді интерпретациялау үдерісі оқырманның өз болмысын да жаңаша түйсінуге алып келеді. Демек, Асқар Алтай сипаттайтын кейіпкер трансформациясы тек жеке психологиялық құбылыс емес, оқырманды да өзіндік рухани ізденіске жетелейтін көпқабатты көркемдік тәсіл.

Асқар Алтайдың прозасында кейіпкер болмысының трансформациясы күрделі ішкі жан-дүниелік тартыстар арқылы жүреді. Жазушы жиі таңдаған қаһарман образы – өмірдің мәні мен мәнсіздігін таразылап, шындық пен елес арасындағы шекараларда адасқан жас адам. Әдетте, шығарманың бастапқы бөлігінде кейіпкер рухани дағдарыста, «өз қазығын таппай» күйзеліс кешеді; ал мистикалық сипаттағы оқиға желісі осы дағдарысты еңсеру тетік ретінде қызмет етеді. Мұндай сюжеттерде фантастикалық немесе ирреал көріністер кейіпкердің сана-сезіміне төтенше соққы беріп, оны экзистенциалдық сілкініс арқылы жаңа деңгейге көтереді. Зерттеуші Г. Р. Сәулембек қазіргі қазақ прозасындағы осындай тылсым бейнелердің психологиялық және философиялық астарына үңіліп, мысалы, вампир кейіпкері арқылы адам жанының күйреуі мен қорқынышын символдық түрде жеткізуге болатынын көрсеткен [6, 150-6.]. Мистика әдебиетте көбінесе адамның бейсанасында жатқан мәселелерді сыртқы ғажайып оқиға ретінде модальдап, сол арқылы кейіпкердің өзін таптыруын мақсат етеді. Адам санасындағы беймәлім

құбылыстарды суреттеу үшін мистикалық трансформация мотиві таптырмас тәсіл ретінде қолданылады.

Зерттеуші С. В. Пахомов мистикалық әдебиеттегі трансформация сипатын талдай келе: «мистикалық тәжірибені басынан өткерген кейіпкер әдетте бұрынғы өмір сүру дағдысына қайта оралмайды, тіпті мүлде басқа болмыстық қалыпқа өтеді» деп көрсетеді [7, 30-б.]. Яғни, мистикалық трансформация кейіпкердің өмірінде қайтарымсыз өзгеріс тудыруы мүмкін. Мұндай өзгеріс сана кеңеюіне немесе рухани сілкініске әкеліп, кейде кейіпкер қоғамнан оқшаулануы да ықтимал. А.Алтайдың шығармаларында де кейіпкер бастан өткерген тылсым оқиғалардан кейін бұрынғы қылпында қала ма, жоқ па – бұл нақты көрсетілмейді. Финал көп жағдайда ашық күйде аяқталады. Осы тәсіл арқылы автор оқырманды да кейіпкердің ішкі күйін бірге пайымдауға жетелейді.

«Қызыл бөлтірік» шығармасы кейіпкер болмысының трансформациясын бейнелейтін маңызды мәтін ретінде таңдалып талдау нысаны болды [8, 12-б.]. Шығармадағы басты кейіпкер – жасөспірім Архат бала кезінен қиял әлеміне жақын, халық аңыздарына сеніммен қарайтын бейне ретінде көрінеді. Ол естіген аңыздарға сәйкес, ата-анасынан айырылған бөлтіріктердің ұызыл түске еніп, адамдарға ерекше күш дарытатынына сенеді. Алғашында бұл сенім тек балалық елес ретінде берілсе, уақыт кте келе Архат бұл қиялды шынайы шындық деп қабылдай бастайды. Ол өз өмірінің мазмұнын қиял әлемінен іздеп, бөлтіріктерді көру мақсатында атасымен аңға шығады. Шығарма соңында Архаттың нақты не көргені ашық күйде қалса да, оның бұрынғыдан өзгеше күйде ауылға оралуы кейіпкер бойында психологиялық-сезімдік өзгерістердің орын алғанын аңғартады. Бұл трансформация кейіпкердің ішкі әлеміндегі қиял мен шындық шекарасының бұзылуынан туындаған. Архаттың өзгерісі – оның балалық қабылдауының есею сатысына өткендігін көрсетеді. Бұл жағдай кейіпкер болмысындағы алғашқы рухани сілкіністі білдіреді және мистикалық кеңістік арқылы берілген. Осы тұрғыдан алғанда, Архат бейнесі мистикалық тәжірибе арқылы басталған болмыстық трансформацияның көркем үлгісін танытады.

Асқар Алтайдың «Туажат» романында да кейіпкер болмысының трансформациялық желісі айқын көрініс табады. Автор бас кейіпкер Байбураның өмір жолын туғаннан бастап «жатсыну» философиясы аясында суреттейді [8, 252-б.]. Кеңестік идеология ықпалында тәрбиеленген Байбура ұлттық тамырынан ажырап, өз халқының тілі мен мәдениетіне жат тұлғаға айналады. Осы арқылы жазушы ұлттық болмыстан алшақтаған буын өкілінің трагедиясын бейнелейді. Романда трансформация процесі мифологиялық бейнелер арқылы өрбиді. Байбураға түсінде және өңінде көрінетін қасқыр-ана бейнесі – ұлттық рух пен түпсананың символы. Бұл

көркемдік шешім кейіпкердің рухани түбіне тереңдеуге итермелеп, оның болмысындағы өзгерістің басталуына себеп болады. Байбура өміріндегі түрлі тарихи сынақтар (төңкеріс, түрме, соғыс) оның сана-сезімінде үлкен өзгеріс тудырып, өзін-өзі тануға жол ашады. Роман соңында ол өзінің этникалық болмысын қайта мойындап, ұлттық жадқа оралады. Осылайша, кейіпкердің болмыстық трансформациясы аяқталады: ол рухани жаңғырып, бұрынғы «жат» күйден ұлттық сана деңгейіне көтеріледі. Жалпы, Асқар Алтай прозасындағы трансформация – рухани түлеу, экзистенциалдық дағдарысты еңсеру және ұлттық «менді» тану үдерісі ретінде көркемделеді. Бұл процесс көбіне мифтік символдар арқылы бейнеленіп, ұлттық дүниетаныммен тығыз байланыстырылады. Жазушы жеке адамның рухани ізденісін халықтық тарихи тағдырмен байланыстырып, мистикалық трансформацияны адамның өзін, тамырын тану жолындағы көркем рухани тәжірибе ретінде ұсынады.

Кейіпкердің трансформациясы көбіне нақты әрекет арқылы емес, тылсым құбылыстарды бастан кешіру барысында жүзеге асады. Бұл құбылыстар белгілі бір кеңістікте орын алады – жазушы оны көркемдік әдіс ретінде қолданады. Сондықтан мистикалық кеңістікті талдау – кейіпкер болмысының өзгеру табиғатын толық ашуға мүмкіндік береді. Асқар Алтай шығармаларында мистикалық кеңістік – реалды әлеммен қатар өмір сүретін, ерекше көркемдік қызмет атқаратын кеңістік. Бұл кеңістікте уақыт пен мекен координаталары құбылмалы сипатта беріледі. Кейіпкер өзін басқа өлшемге өткендей немесе түс көріп жатқандай халде сезінеді. Мысалы, «Қызыл бөлтірік» әңгімесінде оқиға Алтай өңірінің табиғи ортасында өрбиді. Алайда сол кеңістікте баланың қиялынан туған фантазиялық алаң – бөлтіріктер мекені пайда болады. Осылайша, шынайы табиғат пен қиял кеңістігі астасып, мәгінде қосмағыналы (амбивалентті) құрылым түзіледі. Мистикалық кеңістік кейіпкердің ішкі өзгерісін көрсету үшін қолданылатын символдық кеңістікке айналады. Э. Фридман және зерттеушілер мистикалық тәжірибені «ішкі көру мен символикалық тіл арқылы жүзеге асатын көркем құрылым» деп сипаттайды [4, 15-б.]. Асқар Алтай шығармаларында да тылсым құбылыстар сыртқы шындықтан гөрі ішкі трансформацияны білдіреді. Мысалы, «Қара бура» повесінде кейіпкер елес көріп, ақ түйенің боздаған дауысын естиді. Бұл сыртқы құбылыс – оның жан дүниесіндегі күйзелістің көрінісі. Ақ түйе мен ботаның елесі – ана, пәктік, ізгілік ұғымдарының символы ретінде беріледі. Кейіпкер осы сәтте өмір мәнін қайта пайымдайды. Жазушы жиі қолданатын мистикалық кеңістік түрлері – түс пен елес. «Туажат» романында басты кейіпкер бірнеше рет түс көреді. Түстерінде ұлы бөрі – қасқыр-ана – оған бағыт сілтейді. Өңдегі кеңістік – кеңестік шындық (түрме, қала, дала), ал түс кеңістігі – еркін, символдық мағынаға толы рухани кеңістік. Бұл тәсіл арқылы автор кеңестік шындық шектеулерін ашып көрсетіп, рухтың азаттығын

бейнелейді. Қасқыр-ана – ата-баба рухының, ұлттық болмыстың символы ретінде, кейіпкердің рухани қайта түлеуіне себепкер болады. Нәтижесінде кейіпкер кеңестік жүйеге бейімделген адамнан ұлттық рухы бар тұлғаға айналады. Мистикалық әдебиеттегі кеңістік пен уақыт категориялары өзге заңдылықтарға бағынады. С.В. Пахомов Мирча Элиаде идеяларын негізге ала отырып: «мистикалық оқиға орын алған сәтте кеңістік пен уақыттың үйреншікті байланыстары бұзылады» деп жазады [7, 30-6.]. Асқар Алтай шығармаларында да себеп-салдарлық байланыстар босаңсып, композицияда үзілістер орын алады. Бұл – авторлық көркемдік стратегия. Мысалы, «Қызыл бөлтірікте» бала далада бірнеше күн жүргендей көрінгенімен, нақты қанша уақыт өткені белгісіз. Шындықта бір түн ғана өтуі мүмкін, алайда кейіпкер санасындағы уақыт мүлдем басқаша жүреді. Ал «Кентавр» әңгімесінде тарихи уақыт (Семей полигоны кезеңі) мен мифтік уақыт қабаттаса беріледі. Мутацияға ұшыраған сәби кентавр архетипі арқылы бейнеленеді. Полигон аймағы – тарихи шындық кеңістігі – мифтік кеңістікке айналып, ұлт тарихының қасіреті көркем символ деңгейінде көрініс табады. Асқар Алтай прозасындағы мистикалық кеңістік – символдық реңкке ие, кейіпкердің ішкі әлеміндегі өзгерісті бейнелеуге арналған көркем құрал. Бұл кеңістіктің басты ерекшелігі – реал мен мифтің, сана мен табиғаттың, ұлттық жады мен қазіргі уақыттың тоғысуында. Жазушының бұл тәсілі – кеңестік шындық құрсауын бұзып, ұлттық болмысты рухани тұрғыда қайта танудың көркем жолы ретінде көрінеді.

Асқар Алтай прозасында трансформация үдерісі архетиптік бейнелер арқылы тереңдей түседі: ұасқыр, түйе, кентавр сынды рәміздер – кейіпкердің ішкі жаңғыруының көркемдік айнасы. Юнг ілімі бойынша архетип – тарихи-мәдени жадыда сақталған әмбебап бейне. Алтай осы бейнелерді қазіргі тарихи-әлеуметтік жағдаймен байланыстыра отырып жаңғыртады. Мысалы, «Қара бура» повесіндегі киелі түйе образы – мистикалық құбылыс пен ұлттық жадының көрінісі. Ол ел рухының күйзелісін, ана мен бала арасындағы байланысты, ұрпақтан айырылу қасіретін бейнелейді. «Кентавр» әңгімесінде грек мифіндегі жартылай адам, жартылай жылқы образы Семей полигоны құрбанына айналған сәби арқылы жаңаша түрленеді. Бұл архетип – технологиялық зұлматтың адам болмысына салған жарасын бейнелейді. Жазушы кентаврды дәуір дерті мен ұлттық трагедияның символына айналдырады. Архетиптік бейнелер көркем мәтінде бірнеше қызмет атқарады:

Символдық тереңдік береді. Мысалы, бөрі образы – түркілік тұптамырдың белгісі;

Кейіпкердің рухани әлемін ашады. Тотемдік бейнелер кейіпкердің жан күйзелісі мен үмітін бейнелейді;

Ұлттық дүниетаныммен байланыстырады. Оқырман архетиптер арқылы таныс мәдени рәміздермен ұшырасады;

Миф пен шындықты біріктіреді. Мысалы, «Кентаврда» — грек мифі мен қазақ трагедиясы тоғысады.

Асқар Алтай архетиптерді тек дәстүрлі үлгіде емес, жаңаша интерпретациялайды. Мысалы, «Көзжендеттегі» сауысқан – сүйінші емес, қайғы әкелуші бейнеде берілген. Ал «Туажаттағы» бөрі – саяси өгейліктен азат етуші рухтың символы. Бұл – архетиптің көркем трансформациясы. Жазушы көнені жаңғырта отырып, бүгінгі санаға әсер етерлік мифологиялық кеңістік жасайды. Зерттеушілер атап өткендей, қазіргі қазақ прозасында мистикалық және архетиптік мотивтер постмодерндік эстетика аясында жиі көрініс тауып жүр. Бұл кеңістік автор мен оқырман арасындағы интертекстуалдық байланыс орнатады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Асқар Алтай прозасында мистикалық элементтердің кейіпкер болмысының трансформациясын бейнелеуде маңызды көркемдік әрі онтологиялық қызмет атқаратыны анықталды. Жазушының «Қызыл бөлтірік», «Қара бура», «Туажат» секілді туындыларында кейіпкерлердің ішкі дағдарысы, рухани ізденістері, қорқыныш пен кінә сезімдерін бастан өткеруі – болмыстың түбегейлі өзгерісіне әкеледі. Асқар Алтай мистиканы көркемдік тәсіл ғана емес, бейсаналық процестерді, рухани тазару мен өзін-өзі танудың метафорасы ретінде ұсынады. Автордың табиғатпен астасқан мистикалық кеңістігі мен архетиптік бейнелері қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық дәстүрді жаңаша өрнектеуге жол ашады. Кейіпкерлердің болмыс трансформациясын көркемдік тұрғыдан ашуда архетиптік бейнелер мен мистикалық кеңістік маңызды рөл атқарады. Бұл тәсіл Асқар Алтай прозасында тұлғаның рухани жаңғыру үдерісін көркем бейнелеудің өзіндік моделін қалыптастырғанын көрсетеді. Демек, жазушы туындыларындағы мистикалық трансформация ұлттық дүниетаным мен заманауи көркемдік әдістер тоғысында жасалған жаңа эстетикалық форма ретінде бағалануы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Hammer, O.** Mysticism and esotericism as contested taxonomical categories // Scripta Instituti Donneriani Aboensis. – 2020. – Vol. 29. – P. 5–27.

2 **Koch, P. B.** Mysticism, Pietism, Morality: An Introduction // European Journal of Jewish Studies. – 2020. – Vol. 14, № 2. – P. 169–176.

3 **Muhammed, A. A., Muhammad, A. J.** Mysticism and Sufism in T. S. Eliot's Four Quartets // *Journal of Language Studies*. – 2020. – Vol. 3, № 4. – P. 315–324.

4 **Fridman, E. J. N. et al.** Mysticism and Experience: Twenty-First-Century Approaches. – Lanham : Rowman & Littlefield, 2020. – 330p.

5 **Әлімова, Л.** Асқар Алтай шығармаларындағы мистика және мифология // *Eurasian Science Review*. – 2024. – Т. 2, № 8. – 1659–1669-бб.

6 **Сәулембек, Г. Р.** Мистика: іргелес жанрлармен өзара байланысы мен кейіпкерлер жүйесі // *Керуен*. – 2024. – Т. 82, № 1. – Б. 169–184.

7 **Пахомов, С. В.** Мистическая трансформация времени и пространства в художественных произведениях Мирчи Элиаде // *Arbor Mundi*. – 2011. – № 18. – С. 25–37.

8 **Асқар, А.** Таңдамалы. Әңгімелер мен новеллалар. 1-том. – Алматы : «Арда+7», 2022.-400 бет.

9 **Асқар, А.** Таңдамалы. Повестер, әңгімелер, роман. 2-том. – Алматы : «Арда+7», 2022.-400 бет.

10 **Мауленов, А. А.** Сущность мифа в средневековой тюркской литературе // *Известия вузов (Кыргызстан)*. – 2015. – № 7. – С. 251–253.

11 **Орда, Г. Ж., Мансурова, Э.** Қазақ повестеріндегі мазмұндық, түрлік ізденістер // *Керуен*. – 2024. – Т. 83, № 2. – Б. 73–86.

REFERENCES

1 **Hammer, O.** Mysticism and esotericism as contested taxonomical categories // *Scripta Instituti Donneriani Aboensis*. – 2020. – Vol. 29. – P. 5–27.

2 **Koch, P. B.** Mysticism, Pietism, Morality: An Introduction // *European Journal of Jewish Studies*. – 2020. – Vol. 14, № 2. – P. 169–176.

3 **Muhammed, A. A., Muhammad, A. J.** Mysticism and Sufism in T. S. Eliot's Four Quartets // *Journal of Language Studies*. – 2020. – Vol. 3, № 4. – P. 315–324.

4 **Fridman, E. J. N. et al.** Mysticism and Experience: Twenty-First-Century Approaches. – Lanham : Rowman & Littlefield, 2020. – 330 p.

5 **Alimova, L.** Asqar Altai shygarmalaryndagy mistika zhane mifologiya [Mysticism and mythology in the works of Askar Altai] [Text] // *Eurasian Science Review*. – 2024. – Vol. 2, № 8. – P. 1659–1669.

6 **Saulembek, G. R.** Mistika: irgeles zhanrlarmen ozara baylanısı men keyipkerler juyesi [Mysticism: the relationship and character system with adjacent genres] [Text] // *Keruen*. – 2024. – Vol. 82, № 1. – P. 169–184.

7 **Paxomov, S. V.** Misticheskaya transformaciya vremeni i prostranstva v xudozhestvenny`x proizvedeniyax Mirchi E`liade [The mystical transformation

of time and space in the works of art by Mircea Eliade] [Text] // Arbor Mundi. – 2011. – № 18. – P. 25–37.

8 **Asqar, A.** Tandamaly. Angimeler men novellalar [Custom. Stories and short stories] [Text] 1-tom. – Almaty : «Arda +7», 2022. – 400 p.

9 **Asqar, A.** Tandamaly. Povester, angimeler, roman [Custom. Stories, stories, novel] [Text] Vol. 2 – Almaty : «Arda+7», 2022. – 400 p.

10 **Maulenov, A. A.** Sushhnost mifa v srednevekovoï tyurkskoï literature [The essence of myth in medieval Turkic literature] [Text] // Izvestiya vuzov (Ky`rgy`zstan). – 2015. – № 7. – P. 251–253.

11 **Orda, G. Zh., Mansurova, E.** Qazaq povesterindegi mazmyndyq, turlik izdenister [Content, genre searches in Kazakh stories] [Text] // Keruen. – 2024. – Vol. 83, № 2. – P. 73–86.

12.04.25 ж. баспаға түсті.

03.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. А. Утешова¹, Н. К. Матбек²*

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 12.04.25.

Поступило с исправлениями 03.10.25.

Принято в печать 21.05.26.

МИСТИЧЕСКАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ БЫТИЯ ПЕРСОНАЖА В ПРОЗЕ АСКАРА АЛТАЯ

В данной статье всесторонне рассматривается художественно-философская природа мистических элементов в современной казахской прозе на примере произведений Аскара Алтая. На основе анализа таких произведений, как «Қызыл болтірік», «Қара бура», «Туажат», «Кентавр», исследуется трансформация бытия героя – от экзистенциального кризиса к духовному пробуждению и возвращению к национальному самосознанию. Цель – выявить влияние мистического пространства и архетипических образов (волк, верблюд, кентавр) на внутренние изменения персонажей и раскрыть их художественную функцию в контексте казахского мироощущения. Методология исследования основывается на герменевтическом, мифопоэтическом и экзистенциальном подходах, что позволило глубоко осмыслить внутренний мир героев, их пограничные состояния и поиск смысла.

Мистика рассматривается не только как художественный приём, но и как инструмент возрождения национального духа, сохранения исторической памяти и побуждения читателя к самопознанию. В прозе Аскара Алтая размываются границы между реальным и ирреальным, сознанием и подсознанием, временем и пространством, а мистическое пространство приобретает символический смысл. Архетипы служат ключевыми художественными механизмами, углубляющими культурно-кодovou нагрузку текста. Они не только отражают эволюцию героя, но и способствуют формированию неомифологической эстетики в казахской литературе. В статье выявлены связи между мистической прозой и национальной идентичностью, а также доказана значимость творчества Аскара Алтая в духовно-философском поиске современного литературного процесса Казахстана.

Ключевые слова: мистическая проза, трансформация бытия, архетипические образы, духовное обновление, национальное мировоззрение, казахская литература.

*A. A. Uteshova¹, N. K. Matbek²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 12.04.25.

Received in revised form 03.10.25.

Accepted for publication 21.05.26.

THE MYSTICAL TRANSFORMATION OF CHARACTER'S BEING IN THE PROSE OF ASQAR ALTAY

This article offers a comprehensive analysis of the artistic and philosophical nature of mystical elements in contemporary Kazakh prose through the lens of Asqar Altay's works. Based on a close reading of «Kyzyl Boltirik», «Kara Bura», «Tuajjat», and «Kentavr», the study examines the transformation of being – depicted as a spiritual awakening following existential crises and a reconnection with national identity. The aim is to explore how mystical spaces and archetypal imagery (wolf, camel, centaur) shape character development and reflect Kazakh worldview through symbolic narrative forms. The research applies hermeneutic, mythopoetic, and existential approaches, enabling a deep interpretation of psychological and spiritual shifts, liminal states, and quests for meaning in Altay's protagonists. Mysticism is viewed not merely as an aesthetic device, but

as a means of reviving cultural memory, fostering national consciousness, and guiding readers toward inner reflection. The boundaries between reality and unreality, consciousness and the subconscious, space and time are blurred, making the mystical space a symbolic dimension. Archetypes serve as powerful narrative tools, enriching the cultural code of the text. These symbols express the characters' spiritual evolution and contribute to the rise of a neo-mythological aesthetic in Kazakh literature. The article reveals how mystical prose interacts with national identity, and positions Asqar Altay's work as a significant voice in the spiritual-philosophical discourse of modern Kazakh fiction.

Keywords: mystical prose, transformation of being, archetypal images, spiritual renewal, national worldview, Kazakh literature.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz